

Конкурс өткізу туралы
Хабарландыру
30.07.2025ж

1. Орналасқан жері: Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы, 3 мөлтек ауданы 47А.
2. Пошталық мекен жайы: aigerimkaratau@yandex.kz
3. Телефон нөмірі: 4-01-07
4. Мекеме атауы: Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы «Талас ауданының білім бөлімі «Әйгерім» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
5. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы «Талас ауданының білім бөлімі «Әйгерім» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны педагог - психолог қызметі бойынша (1,0 бірлік) бос лауазымды орынға конкурс жариялайды.

Негізгі функциялық міндеттері:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық және әлеуметтік жағдайын сақтауға және түзетуге бағытталған қызметті жүзеге асырады;
2. Мектеп жасына дейінгі балалар тұлғасының дамуына кедергі келтіретін факторларын айқындайды, әртүрлі психологиялық көмек (психикалық түзету, сауықтыру және кеңес беру) көрсету бойынша шараларды қабылдайды;
3. Әр түрлі бейіндегі және арналуындағы психологиялық диагностика жүргізеді;
4. Психологиялық-педагогикалық тексеруді жүзеге асырады, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар;
5. Мектепке дейінгі жастағы балалардың жеке және әлеуметтік даму мәселелерін зерделейді қорытындыны ресімдейді және ата-аналармен немесе оларды алмастыратын тұлғалармен, мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілерімен және педагогтарымен консультациялық жұмысты жүзеге асырады.
6. Белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді және оны мақсаты бойынша пайдаланады.
7. Мектепке дейінгі жастағы шығармашылықпен дарынды балаларды психологиялық қолдауды жүзеге асырады, олардың дамуына жәрдемдеседі.
8. Педагогикалық, әдістемелік кеңестердің жұмысына, ата-аналар жиналысын, сауықтыру, тәрбие және білім беру ұйымының жұмыс жоспарында қарастырылған басқа да іс-шараларды өткізу жұмыстарына қатысады.
9. Кәсіби деңгейін арттырады.

Лауазымдық еңбек ақы төлеу мөлшері (логопед) - 178 000 тг - 208 000 тг

Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары:

1. Жоғары педагогикалық білімі және (немесе) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (педагогикалық) білімі немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;
2. Және (немесе) біліктілігінің орта және жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші үшін кемінде 4 жыл;
3. Және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде педагог-шебер үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілі – 5 жыл.

Білім беру мекемесі хабарландыру шыққан күннен бастап, жеті жұмыс күні ішінде бос лауазымға орналасуға мынандай құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады:

1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2. Жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін)
3. Кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы;
4. Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білім туралы құжаттарының көшірмелері;
5. Еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса)
6. “Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту” Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ 175 /2020 бұйрығымен бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
7. Психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;
8. Наркологиялық аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;
9. Сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса).

Құжатты қабылдау мерзімі: 7 күн.

Қосымша хабарлама білім беру ұйымының интернет ресурсында

Почта: aigerimkaratau@yandex.kz

Инста парақша: aigerim_bobekjai_bakshasi

Сайт: <https://aigerim-talas.kz/kz/> білуге болады.